

«Saryarqa aqparat» ЖШС қызметкерлерімен «Ұйым қызметіндегі адалдық мәдениетін қалыптастыру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу» табырыбында өткен семинардың хаттамасы

Өткізу орны: Қарағанды қаласы, Ермеков көшесі, 33

Өткізу күні: 2026 жылғы 29 маусым

Қатысқандар: ЖШС қызметкерлері – 12 адам.

Күн тәртібі:

«Saryarqa aqparat» ЖШС қызметкерлерімен «Ұйым қызметіндегі адалдық мәдениетін қалыптастыру және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу» тақырыбында түсіндіру семинарын өткізу. Ішкі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс (ВАКР) іс-шараларын іске асыру шеңберінде «Saryarqa aqparat» ЖШС комплаенс-офицері Абдрахманова Э.Е. ұйым қызметіндегі сыбайлас жемқорлық тәуекелдерінің алдын алу және адалдық қағидаттарын сақтау мәселелері бойынша офлайн форматта баяндама жасады. Сыбайлас жемқорлық тәуекелі – қызметтік міндеттерді орындау барысында заң талаптарының бұзылуына, мүдделер қақтығысының туындауына немесе жеке мүдденің қоғамдық және қызметтік мүддеден жоғары қойылуына ықпал етуі мүмкін жағдайлар мен факторлардың жиынтығы.

Семинар барысында сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың келесі негізгі бағыттары қарастырылды:

- құрылымдық бөлімшелерде сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін тұрақты түрде бағалау;
- қызметтік міндеттерді орындау кезінде заңдылық, ашықтық және әділдік қағидаттарын сақтау;
- мүдделер қақтығысын уақытылы анықтау және реттеу;
- ішкі бақылау және тәуекелдерді басқару тетіктерінің тиімділігін арттыру;
- қызметкерлердің кәсіби әдеп нормаларын және корпоративтік құндылықтарды сақтауын қамтамасыз ету;
- заңнама талаптарының бұзылуы туралы хабарлау тетіктерін тиімді пайдалану.

Семинарға қатысушыларға Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының негізгі талаптары, ұйымдағы ішкі бақылау жүйесінің маңыздылығы, сондай-ақ қызметкерлердің жеке жауапкершілігі туралы кеңінен түсіндірілді.

Сонымен қатар ұйым қызметінде ашықтықты қамтамасыз ету, шешім қабылдау кезінде объективтілікті сақтау және сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін азайтуға бағытталған профилактикалық шараларды тұрақты жүргізудің маңыздылығы атап өтілді.

Семинар қорытындысында комплаенс-офицер Абдрахманова Э.Е. қатысушыларды Қазақстан Республикасының сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасының талаптарын қатаң сақтауға, кәсіби әдеп қағидаттарын ұстануға және ұйым қызметінде адалдық мәдениетін нығайтуға белсенді үлес қосуға шақырды.

«Saryarqa aqparat» ЖШС
директоры

Комплаенс-офицер



К.Ж. Абилдинов

Э.Е. Абдрахманова